

Еуразия экономикалық қоғамдастығына мүше мемлекеттердегі инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы келісімге қол қою туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 17 мамырдағы N 416 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы N 55 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.01.23 N 55 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған Еуразия экономикалық қоғамдастығына мүше мемлекеттердегі инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы келісімнің жобасы мақұлданын.

2. Еуразия экономикалық қоғамдастығына мүше мемлекеттердегі инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы келісімге қол қойылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Премьер-Министрі

Жоба

Еуразия экономикалық қоғамдастығына мүше мемлекеттердегі инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы келісім

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Еуразия экономикалық қоғамдастығына мүше мемлекеттердің үкіметтері,

2000 жылғы 10 қазандағы Еуразия экономикалық қоғамдастығын құру туралы шартты басшылыққа ала отырып,

Еуразия экономикалық қоғамдастығының (бұдан әрі - ЕурАзЭҚ) мақсаттары мен міндеттерін іске асыра отырып,

осы мемлекеттердің аумағында инвестицияларды жүзеге асыратын ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің инвесторлары үшін қолайлы жағдай жасауға және оны қолдауға ниет білдіре отырып,

осы Келісімнің негізінде инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау

ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің ықпалдасу процестерін өзара тиімді сауда-экономикалық және ғылыми-техникалық ынтымақтастығын дамытуға ықпал ететіндігін мойындай отырып,

ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің экономикалық өсуіне жәрдемдесуге
ұ м т ы л а о т ы р ы п ,

төмендегілер туралы келісті:

1 - б а п

Негізгі ұғымдар

Осы Келісімнің мақсаттары үшін мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1. "Инвестор" - ЕурАзЭҚ-қа мүше әрбір мемлекетке қатысты:

а) ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттің азаматы болып табылатын және осы мемлекеттің заңнамасына сәйкес ЕурАзЭҚ-қа мүше басқа мемлекеттердің аумақтарында инвестицияларды жүзеге асыруға құқылы кез келген жеке тұлға;

б) ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттің аумағында ұйымдастырылған (құрылған) және тіркелген және осы мемлекеттің заңнамасына сәйкес ЕурАзЭҚ-қа мүше басқа мемлекеттердің аумағында инвестицияларды жүзеге асыруға құқылы кез келген заңды тұлға .

2. "Инвестициялар" - ЕурАзЭҚ-қа мүше басқа мемлекеттердің аумағында олардың заңнамасына сәйкес кәсіпкерлік қызмет объектілеріне ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттің инвесторы салатын материалдық және материалдық емес құндылықтардың барлық түрлері, оның ішінде: ақша қаражаты, бағалы қағаздар, өзге мүлік, Тараптар мемлекеттерінің заңнамалары негізінде берілетін кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға арналған құқықтар, сондай-ақ ақшалай бағасы бар мүліктік және өзге де құқықтар.

Инвестициялар салынатын немесе қайта инвестицияланатын нысанның өзгеруі мұндай өзгеріс аумағында инвестициялар жүзеге асырылған ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттің заңнамасына қайшы келмеген жағдайда инвестиция ретінде олардың біліктілігіне әсер етпейді.

3. "Кірістер" - инвестицияларды жүзеге асыру нәтижесінде алынатын қаражат , атап айтқанда, пайда, дивидендтер, пайыздар, лицензиялық, комиссиялық және басқа да сыйақылар .

4. "Реципиент мемлекет" - аумағында инвестициялар жүзеге асырылатын ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекет .

5. "Заңнама" - ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттің заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық кесімдері, сондай-ақ ол қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттар.

2 - б а п

Инвестицияларды қорғау

Реципиент мемлекет өз заңнамасына сәйкес ЕурАзЭҚ-қа мүше басқа мемлекеттер инвесторларының инвестицияларын қорғауға кепілдік береді.

3 - б а п

Заңнаманың ашықтығы

Тараптар инвесторлардың инвестициялармен байланысты қызметін реттейтін заңнаманың ашықтығы мен қол жетімділігін қамтамасыз етеді.

4 - б а п

Инвестициялар режимі

1. Кез келген басқа Тараптың инвесторлары жүзеге асырған инвестицияларға қатысты Тарап ұсынатын режим инвестордың пікірі бойынша олардың қайсысының неғұрлым қолайлырақ болып табылатына байланысты осы Келісімнің қатысушысы болып табылмайтын кез келген басқа мемлекеттің ұлттық инвесторлары немесе инвесторлары жүзеге асырған инвестицияларға қатысты осы Тарап ұсынатын режимге қарағанда қолайлылығы кем емес режим болуға тиіс.

2. Осы Келісімнің әрбір Тарабы өз мемлекетінің заңнамасына сәйкес инвесторлардың қызметі шектелетін немесе жоққа шығарылатын қызметтің саласын, аясын және түрлерін айқындау, сондай-ақ осы баптың 1-тармағында көрсетілген ұлттық режимнен басқа да алып қоюларды қолдану және енгізу құқығын өзіне қалдырады.

3. Осы баптың 1-тармағына сәйкес ұсынылатын режим: басқа ықпалдастық бірлестіктерге қатысуға байланысты; қосарлама салық салуды болдырмау туралы келісімдердің немесе салық салу мәселелері бойынша басқа да уағдаластықтардың негізінде Тарап ұсынған немесе болашақта ұсынатын артықшылықтарға қолданылмайды.

4. Тараптардың әрқайсысы осы Келісімнің 5, 6, 9 және 10-баптарының ережелері үшін залал келтірместен басқа Тараптарға Қызметтермен сауда жөніндегі бас келісім (бұдан әрі - ҚСБК) бойынша міндеттемелерді қоса алғанда, 1994 жылғы 15 сәуірдегі Дүниежүзілік сауда ұйымын құру туралы келісім бойынша қабылданған міндеттемелерге, сондай-ақ Тараптардың барлығының қатысуымен қол жеткізілуі мүмкін және инвестициялар режиміне қатысты болатын кез келген басқа да көл жақты уағдаластыққа сәйкес ол ұсынатын режимге қарағанда қолайлырақ емес режимді ұсынады.

Осы ереже осы Келісім Тараптарының әрқайсысы үшін осы Тарап ҚСБК бойынша міндеттемелерді қоса алғанда, Дүниежүзілік сауда ұйымын құру туралы келісім бойынша міндеттемелерді қабылдаған күнінен бастап немесе көрсетілген көп жақты уағдаластықтың күшіне енген күнінен бастап күшіне енеді.

5. Осы Келісімнің ережелері әрбір Тараптың инвесторлардың, сондай-ақ осы Келісімнің қатысушысы болып табылмайтын мемлекет инвесторларының осы Тарап мемлекетінің аумағына инвестицияларына қол жетімділігі мен қызметіне

қатысты ол жүргізетін саясатты осы Келісімнің ережелерін пайдалана отырып, айналып өтудің алдын алу үшін қажетті кез келген шараларды қолдану құқығын шектемейді.

5 - б а п

Залалды өтеу

Инвесторлардың азаматтық тәртіпсіздіктер мен әскери іс-қимылдардың нәтижесінде реципиент мемлекеттің аумағында оларға келтірілген залалды өтеуге құқығы бар. Бұл ретте инвесторларға осындай залалға байланысты Тарап қабылдайтын шараларға қатысты ұлттық инвесторларға немесе осы Келісімнің қатысушысы болып табылмайтын кез келген мемлекеттің инвесторларына қолайлылығы Тарап ұсынатын режимнен кем емес режим ұсынылады.

6 - б а п

Экспроприациялау кезінде инвесторлардың құқықтарына кепілдік беру

1. Реципиент мемлекеттің аумағында жүзеге асырылған инвестициялар, мұндай шаралар реципиент мемлекеттің заңнамасында белгіленген тәртіппен қоғам мүддесінде қабылданатын, кемсітушілік болып табылмайтын және жылдам, барабар және тиімді өтемақы төлеумен бірге жүретін жағдайларды қоспағанда, экспроприациялау немесе мемлекет иелігіне алу (бұдан әрі экспроприациялау деп аталатын) салдарына тең күші бар мәжбүрлік алып қою шараларына ұшырамайды.

2. Өтемақы нақты немесе алда болатын экспроприациялау туралы жария хабарлау сәтінде болған экспроприацияланатын инвестициялардың нарықтық құнына сәйкес келуге тиіс.

3. Өтемақы реципиент мемлекеттің заңнамасында көзделген мерзімде кідіріссіз, бірақ экспроприациялау сәтінен бастап үш айдан кешіктірмей, инвестициялар бастапқы жүзеге асырылған валютамен немесе басқа валютамен не инвестор мен реципиент мемлекет арасындағы уағдаластық бойынша айқындалатын нысанда төленеді.

Өтемақы төлеу кешіктірілген жағдайда, осы тармақтың 1-абзацына сәйкес айқындалатын ол төленетін күннен бастап өтемақы іс жүзінде төленген күнге дейін өтемақы сомасына 6 айға дейінгі мерзімде ұлттық валютамен нақты берілген кредиттер бойынша ұлттық банкаралық нарықтың ставкасы бойынша немесе инвестор мен реципиент мемлекет арасындағы уағдаластық бойынша айқындалған тәртіппен есептелетін пайыздар есептеледі.

7 - б а п

Кірістерді, ақша аударымдарын және төлемдерді пайдалану

1. Әрбір Тарап инвесторларға олар барлық салық және реципиент мемлекеттің заңнамасында көзделген басқа да міндеттемелерді орындағаннан кейін мыналарға кепілдік береді:

инвестицияларды жүзеге асыру нәтижесінде алынған кірістерді реципиент мемлекеттің заңнамасында тыйым салынбаған кез келген мақсатта пайдалану және билік ету құқығына;

инвестордың қалауы бойынша кез келген елге инвестицияларға байланысты ақша аударымдары мен төлемдерді, атап айтқанда:

а) кірістерді;

б) Тараптар инвестициялар ретінде таныған қарыздар мен кредиттерді өтеуге төленетін қаражат сомаларын, сондай-ақ есептелген пайыздардың, купондық кірістердің, дивидендтердің сомаларын;

в) коммерциялық ұйымды ішінара немесе толық таратуға не инвестицияларды сатуға байланысты инвестор алған сомаларды;

г) осы Келісімнің 5-бабына сәйкес залалды өтеу ретінде алынған сомаларды және осы Келісімнің 6-бабында көзделген өтемақыларды;

д) инвесторлар және реципиент мемлекеттің аумағында инвестицияларға байланысты жұмыс істеуге рұқсат етілген ЕурАзЭҚ-қа мүше басқа мемлекеттердің жеке тұлғалары алатын жалақыны және басқа да сыйақыларды;

е) зияткерлік меншікке арналған құқықтардан туындайтын, инвесторлар төлейтін авторлық сыйақыларды (роялти) және лицензиялық төлемдерді кедергісіз жүзеге асыру құқығына.

2. Ақша аударымдары мен төлемдер инвестициялар бастапқыда жүзеге асырылған валютамен немесе реципиент мемлекеттің валюталық заңнамасының талаптарын сақтай отырып, реципиент мемлекеттің аумағында аударым күніне қолданылатын бағам бойынша басқа кез келген валютамен кідіріссіз жүзеге асырылады.

3. Реципиент мемлекет банкроттық, төлем қабілетсіздігі, сондай-ақ заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға бағытталған қызметті болдырмау жағдайларында осы баптың 1 және 2-тармақтарын қолдануды шектеуі мүмкін.

8 - б а п

Инвестор құқықтарының ауысуы

Реципиент мемлекеттің аумағындағы инвестицияларға байланысты коммерциялық емес тәуекелдерден қорғау кепілдіктерінің негізінде инвесторға төлем жүргізген Тарап немесе ол өкілеттік берген орган суброгация тәртібімен инвестордың құқықтарын инвестордың өзі жүзеге асырған көлемде жүзеге асыра алады. Мұндай құқықтар реципиент мемлекеттің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

9 - б а п

Тарап пен инвестор арасындағы дауларды шешу

1. Осы Келісімнің 5-бабына сәйкес залалды өтеу ретінде алынған сомаларды және осы Келісімнің 6-бабында көзделген өтемақыларды төлеудің мөлшеріне,

шарттарына немесе тәртібіне немесе осы Келісімнің 7-бабында көзделген төлемдер мен ақша аударымдарын жүзеге асырудың тәртібіне қатысты дауларды қоса алғанда, Тарап пен инвестордың арасында осы инвестордың реципиент мемлекеттің аумағындағы инвестицияларына байланысты туындайтын даулар мүмкіндігіне қарай келіссөздер арқылы шешіледі.

2. Егер даудың кез келген тарабы оны келіссөздер жолымен шешу туралы жазбаша хабарлаған күнінен бастап алты ай ішінде келіссөздер жолымен шешілмеген болса, онда ол инвестордың таңдауы бойынша мыналардың:

а) осы Келісімге қатысушы мемлекеттің тиісті дауларды қарауға құзыретті сотының ;

б) ЕурАзЭҚ сотының ;

в) дауға қатысушылармен келісілген кез келген мемлекеттің Сауда палатасының жанындағы халықаралық коммерциялық төреліктің;

г) егер даудағы тараптар өзгеше келіспесе, Біріккен Ұлттар Ұйымының Халықаралық сауда құқығы жөніндегі комиссиясының(UNCIRAL) Арбитраждық регламентіне сәйкес құрылуы және әрекет етуі тиіс "ad hoc" төрелік сотының қарауына берілуі мүмкін.

3. Осы баптың 1 және 2-тармақтарына сәйкес қабылданған шешімдер дауға қатысушы тараптар үшін міндетті болып табылады. Әрбір Тарап мұндай шешімдерді өз мемлекетінің заңнамасына сәйкес орындауға міндеттенеді.

1 0 - б а п

Тараптар арасындағы дауларды шешу

1. Осы Келісімді түсіндіруге және (немесе) қолдануға байланысты даулар мүдделі Тараптардың консультациялар және келіссөздер жүргізуі жолымен шешіледі .

2. Егер дау алты ай ішінде консультациялар және келіссөздер жолымен реттелмейтін болса, онда Тараптар оның қаралуы үшін ЕурАзЭҚ-тың сотына немесе Тараптардың келісімі бойынша құрылатын "ad hoc" аралық сотына жүгінуі мүмкін .

3. Тараптар, егер әрбір нақты жағдайда өзгеше тәртіп келісілмеген болса дауларды шешу барысында туындайтын шығыстарды дербес көтереді.

1 1 - б а п

Консультациялар

Тараптар олардың кез келгенінің өтініші бойынша осы Келісімді түсіндіруге немесе қолдануға қатысты мәселелер бойынша консультациялар жүргізеді.

1 2 - б а п

Келісімді қолдану

Осы Келісім күшіне енгеннен кейін инвесторлар жүзеге асырған барлық инвестицияларға осы Келісім қолданылады.

1 3 - б а п

Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу

Тараптардың уағдаластығы бойынша осы Келісімге жеке хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

1 4 - б а п

Келісімнің күшіне енуі және қолданылу мерзімі

1. Осы Келісім оған қол қойған Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны депозитарий алған күнінен бастап күшіне енеді.

ЕурАзЭҚ-тың Интеграциялық комитеті осы Келісімнің депозитарийі болып т а б ы л а д ы .

2. Кез келген Тарап депозитарийге бұл туралы жазбаша хабарлама жібере отырып, осы Келісімнен шыға алады. Бұл Тарапқа қатысты осы Келісімнің қолданылуы депозитарий осындай хабарламаны алған күнінен бастап алты ай ө т к е н с о ң т о қ т а т ы л а д ы .

3. Осы Келісімнің қолданылуы тоқтатылған күнге дейін жүзеге асырылған және оның қолданылуына жататын инвестицияларға қатысты осы Келісімнің 1 - 12-баптарының ережелері осы күннен кейін келесі жеті жыл ішінде күшінде қалады.

_____ қаласында орыс тіліндегі бір түпнұсқа данада жасалды. Түпнұсқа дана осы Келісімге қол қойған әрбір Тарапқа оның куәландырылған көшірмесін жіберетін ЕурАзЭҚ-тың Интеграциялық комитетінде сақталады.

Беларусь Республикасының

Үкіметі үшін

Қазақстан Республикасының

Үкіметі үшін

Қырғыз Республикасының

Үкіметі үшін

Ресей Федерациясының

Үкіметі үшін

Тәжікстан Республикасының

Үкіметі үшін